

**БЕКІТІЛГЕН**

Қостанай облысы әкімдігінің  
білім басқармасы «Қазақстан  
агротехникалық колледжі» КМҚК

**М.Т. Байқенов**

«15 » Кітекулең 2020 ж.

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы  
«Қазақстан агротехникалық колледжі» КМҚК  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

Қарабалық а.

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы  
«Қазақстан агротехникалық колледжі» КМКК  
(ұйымның атауы)  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

**1. Жалпы ереже**

1. Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (*бұдан әрі - Министрлік*) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеу міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) занұлық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін сақтау және оларды сыйбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мұдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды анықтайды.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартың негізіне сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы тұрғысынан:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын дайындау;

4) тиісті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.

## 2. Қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлыш (іс-әрекеттері) стандарттары (ұсынымдары)

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен зандарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа де тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;

3) жеке тұлғалармен, занды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық және биязылық таныту;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;

5) өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарту үшін конструктивті сынды қолдану;

6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;

8) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылышқтар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

9) мемлекеттік органда еңбек заннамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заннаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.

8. Мемлекеттік қызметті және басқа да рұқсат беру қызметтерін көрсету кезінде:

1) тұрақты негізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

2) қолжетімді түрде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы ақпарат ұсыну;

3) қарастырылмаған құжаттарды сұратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұқсат беру функцияларын көрсету барысында әртүрлі әуресарсанан (салғырттықтан) аулақ болу;

4) сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылыққа итермелей кезінде басшылыққа жеткізу;

5) мемлекеттік қызмет корсету кезінде үнемділік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

9. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алушы процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету;

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдалылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Занда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алууды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуettі жеткізушилерге тең мүмкіндіктер ұсыну;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізіліміне қосылған әлеуettі жеткізуши және (немесе) оларға тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

10. Өз құзыretі шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыйбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелуе туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;

2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мұліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы зан бұзушылықты ашуға белсенділік таныту;

5) сыйбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сарсанға салғаны туралы басшылыққа жеткізу;

6) атқару үшін алынған өкімнің зандылығына күмandanған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлау;

7) егер мүдделер қақтығысына тікелей басшының өзі қатысты болса, жоғары тұрған басшыға жүргіну;

8) табыс табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де әрекеттерді іске асыруда біреуге көмектесуден бас тарту.

11. Нормативтік құқықтық актілерді дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобасын дайындау мен талқылауда қофамның, бүкіл ақпараттық құралдардың міндетті турде қатысуын қамтамасыз ету;

2) ұйымның құрылымдық бөлімшелерімен тұрақты негізде құқықтық актілер мониторингі мен тиісті есептер дайындауды үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге жіберуге дейін көпшілікпен талқылау үшін ашық нормативтік құқықтық актілерді интернет-порталға орналастыру;

4) сыйбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормативтік құқықтық актілер нормаларын пайдаланбау.

12. Қызметшілерін/жұмыскерлерін таңдау мен орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімін сақтау;

2) ұйымға қызметке/жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) мемлекеттік қызметкерлердің жеке деректері туралы мәлімёттерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) қызметке/жұмысқа үміткерден еңбек шартын жасауға қатысы жок құжаттарды талап етпеу;

6) жұмыскерлеріне қатысты қызметтік тексеруді әділ және жан-жақты жүргізу.

13. Тіршілік әрекеті саласына байланысты пайда болған басқа да өзара қатынас барысында:

1) бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттігінің көлемін нақты және анық белгілеу;

2) бағыныштағы лауазымды тұлғалардың арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

3) олардың әрекеттерінің нәтижелерін бағалау барысында, сондай-ақ мадақтау және жаза қолдану кезінде шындық және әділдік таныту,

4) бағынышты жұмыскерді орынсыз айыптауға, дөрекілік факторларына, адамның ар-намысына тилюіне, жонсіздікке, дөрекі мінез-құлыққа жол бермеу;

5) олардың лауазымдық міндеттерінен тыс немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы тапсырма бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың әрекеттеріне эсер ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) бағыныштыларды сыйайлас жемқорлық заң бұзушылық жасауға итермелемеу;

8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында әріптестерде туындаған мұдделер қактығысын реттеу бойынша түбеғейлі шараларды өз уақытында кабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік күралдарын қоса алғанда, мүлікті қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.